



**БЕКІТІЛГЕН**

**«Әбілқас Сағынов атындағы**

**Қарағанды техникалық**

**университеті» КеАҚ**

**Директорлар кеңесінің 2024 жылғы**

**09 тамыздағы шешімімен**

**(№5 хаттама)**

**(өзгертулер мен толықтырулармен**

**09.10.2025 ж. №8/52 хаттама)**

**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мен  
Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалау туралы  
ҚАҒИДА**

**1. Жалпы қағидалар**

1.1.«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалау туралы осы қағида (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру корпоративтік басқару кодексіне, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес әзірленді» (бұдан әрі – Қоғам) және директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің өзін – өзі бағалау (бұдан әрі – бағалау) процесін реттейді (бұл тармақ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 09 қазандағы шешімімен өзгертілді).

1.2.Бағалаудың негізгі мақсаты Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру, Комитеттер мен Директорлар кеңесі мүшелерінің оның жұмысына тартылуын арттыру, Директорлар кеңесінің, комитеттердің жұмысын жақсартудың басым бағыттарын айқындау (бұл тармақ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 09 қазандағы шешімімен өзгертілді).

1.3.Бағалауды Директорлар Кеңесі жүргізеді және:

1) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің өз жұмысының күшті және әлсіз жақтарын (артықшылықтары мен кемшіліктерін) айқындауға;

2) Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі Комитеттері қызметінің бағыттарын түзетуге;

3) Директорлар кеңесінің, комитеттердің және оның әрбір мүшесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына қосқан үлесін айқындауға, бағыттарды айқындауға және жақсарту үшін шаралар ұсынуға;

4) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз ету, сабақтастықты жоспарлау және қайта сайлау үшін қажетті Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларына, тәжірибесіне және біліміне қажеттіліктерді айқындауға мүмкіндік береді (*бұл тармақ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 09 қазандағы шешімімен өзгертілді*).

1.4. Директорлар кеңесі бағалаудың мынадай түрлерін жүзеге асыра алады:

1) Директорлар кеңесі жұмысының, Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауының жалпы тиімділігін бағалау;

2) комитеттердің жұмысын бағалау;

1.5. Бағалау келесі принциптерге сәйкес жүргізілуі керек:

1) объективтілік;

2) бағалау жүргізудің және бағалау көрсеткіштерін нақтылаудың жүйелілігі;

3) құзыреттілік;

4) алдыңғы бағалармен салыстыру;

5) құпиялылық.

1.6. Жалпы Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізуге Корпоративтік хатшы жауапты тұлға болып табылады.

1.7. Бағалау келесі жолдармен жүргізілуі мүмкін:

1) сауалнама арқылы;

2) аралас тәсілді қолдану: консультант тарапынан процесті үйлестіру кезінде өзін-өзі бағалау;

3) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де тәсілдермен.

## **2. Бағалауды жүргізу процесі**

2.1. Бағалауды жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Көрсетілген шешімде бағалауды жүргізудің нақты мерзімдері (кестесі) және қажетті ресурстар (мысалы, материалдар, ақпарат, есептер және т.б.) айқындалады.

2.2. Бағалау жылдық қаржылық есептілік аудитін аяқтау қорытындылары бойынша жыл сайын жүргізіледі.

2.3. Бағалауды жүргізу процесін Директорлар кеңесінің Төрағасы үйлестіреді.

2.5. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің жабық отырысында талқыланады, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы қатысады.

2.6. Осы отырыста Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің қызметін тұжырымдамалық түрде талқылап, олардың жұмысының тиімділігін төмендеткен факторларды анықтап, тиімділікті арттыру жолдарын ұсынуы, Қоғам қызметін басқару мен бақылаудың бірқатар түйінді проблемаларын талқылауы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері жұмыс жылының қорытындысы бойынша ұсынымдар береді.

2.7. Жалпы бағалау процесі талқылауды ынталандыруы керек:

- 1) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің рөлдері мен функциялары;
- 2) Директорлар кеңесі жұмысының басымдықтары;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелері тұтастай иеленуі тиіс білімнің, іскерліктің, тәжірибенің және жеке қасиеттердің болуы;
- 4) Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу практикасын, олардың жүйелілігін, Директорлар кеңесінің қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелерін қоса алғанда, Директорлар кеңесі жұмысының қолданыстағы рәсімдерін;
- 5) Қоғамның ағымдағы ұстанымдары және оның даму перспективалары;
- 6) Басқарма Төрағасы – Ректордың Қоғам қызметін дамытудағы рөлі.

2.9. Директорлар кеңесін бағалау нәтижелері бойынша мынадай шараларды қолдануға болады:

- 1) Директорлар кеңесіне назар аудару керек бірнеше негізгі міндеттерді немесе бағыттарды ерекшелеу;
- 2) Директорлар кеңесі жұмысының жоспарлары мен әдістеріне ұсынымдар енгізу;
- 3) Басқарма Төрағасы – Ректор мен басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерін, сондай-ақ корпоративтік хатшыны сайлау кезінде бағалау жұмысының нәтижелерін назарға алу.

2.10. Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағалау жүргізу үшін нысандарды Қоғамның Корпоративтік хатшысы жібереді.

2.10. Жұмыстың әлсіз жақтары бағалаудың орташа балы үш балдық бағалау кезінде 2 (екіден) төмен, бес балдық бағалау кезінде 3 (үштен) төмен болған критерийлер танылады.

2.11. Жиналған ақпаратты жүйелеуді және өңдеуді жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы оның объективтілігі мен құпиялылығына жауап береді.

### **3. Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің қызметін бағалау критерийлері**

3.1. Жалпы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау критерийлері:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын құжаттамалық қамтамасыз ету;
- 2) Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы;
- 3) Директорлар кеңесінің, Директорлар Кеңесі Төрағасының рөлі мен міндеттері;
- 4) Директорлар кеңесінің жұмыс рәсімдері;
- 5) Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасымен өзара іс-қимылы болып табылады.

3.3. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін жеке бағалау олардың кәсібилігін арттыру құралы болып табылады, Директорлар кеңесінің жұмысына қатысуды жандандыруға, жалпы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктерді айқындауға мүмкіндік береді.

3.4. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне жеке бағалау жүргізу кезінде мынадай факторларға ерекше назар аудару ұсынылады:

- 1) Директорлар кеңесінің, құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі кіретін Комитеттің жауапкершілік саласына кіретін мәселелердегі құзыреттілік;
- 2) саланы және қызмет бағытын жүргізу саласының ерекшеліктерін білу;
- 3) Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырысына қатысу;
- 4) Директорлар кеңесі Комитетінің отырыстарында талқылауға қатысу дәрежесі;
- 5) Директорлар кеңесінің отырыстарындағы белсенділік және шешімдер қабылдау процесінде дауыс беру сипаты;
- 6) Директорлар кеңесі мүшесінің тұлғалық сипаттамалары және олардың жұмыс тиімділігіне әсері (командада жұмыс істей білу, мүдделер қақтығысын болдырмау, іскерлік этиканың жоғары стандарттарына сәйкестігі).

3.5. Директорлар кеңесінің жалпы бағасын қалыптастыру мақсатында Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 1-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

3.6. Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке бағасын қалыптастыру мақсатында Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 2 қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

#### **4. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалау критерийлері**

3.1. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалауды Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Комитеттердің қызметін кейіннен талқылау, қорытындылау және Директорлар кеңесінің қорытынды бағалауды қабылдауы үшін жүзеге асырады.

3.2. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалау кезінде:

- 1) Комитет қызметін жалпы Комитет туралы Қағидамен салыстыру;
- 2) Комитет қызметінің нәтижелерінің Директорлар кеңесінің күтулеріне сәйкестігін бағалау.

4.3. Директорлар кеңесінің Комитеттерін бағалауды қалыптастыру мақсатында директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 3-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

#### **5. Қорытынды қағидалар**

4.1. Қағиданы бекіту, сондай-ақ қағидаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізу Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

## Директорлар кеңесінің жұмысын бағалауға арналған сауалнама

1. Сауалнаманы Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі құпиялылық сақталған жағдайда толтырады;

2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін баллды атап өту керек:

*1 – мүлдем келіспеймін;*

*2 – келіспеймін деуге болады;*

*3 – бейтарап позиция ұстаймын;*

*4 – келісемін деуге болады;*

*5 – толық келісемін.*

3. Ерекше пікір, ұсынымдар немесе тілектер болған жағдайда сауалнаманың тиісті бағанын толтыру қажет.

4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сондай-ақ түсініктемелердің, ұсынымдар мен тілектердің тізбесін жасайды.

№	Бағалау критерийлері	Бағалау баллмен	Түсініктемелер/ ұсынымдар/тілектер
<b>1</b>	Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің өкілеттіктері мен бірінші кезектегі міндеттерін түсінеді		
<b>1.1</b>	Директорлар кеңесінің құрамы қоғам алдында тұрған міндеттер мәнмәтініндегі дағдыларды, тәжірибені, қызмет бағыттарын ескере отырып, оңтайлы және теңгерімді.		
<b>2</b>	Директорлар кеңесі өзінің стратегиялық маңыздылығы мен конструктивизмін көрсетеді (Директорлар кеңесі қоғамды стратегиялық басқаруды жүзеге асырады, басқарманың сындарлы сыншысы болып табылады)		
<b>3</b>	Директорлар кеңесі құндылықтарды, миссияны, даму стратегиясын түсінеді және негізгі мәселелерді қабылдау кезінде жоғарыда айтылғандардың барлығын ескереді		
<b>4</b>	Директорлар кеңесінің мүшелері ұсынатын іске асырылған бастамалардың саны		
<b>5</b>	Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері шынымен де тәуелсіз болып табылады		

6	Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына үнемі қатысады		
7	Директорлар кеңесінің мүшелерінде Директорлар кеңесінің отырыстарынан басқа, Қоғамның Басқарма мүшелерімен қарым- қатынас жасау үшін жеткілікті мүмкіндіктер бар		
8	Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына тиімді басшылықты жүзеге асырады		
9	Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамында өз функцияларын тиімді орындау үшін жеткілікті уақыттары бар		
10	Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам Басқармасынан негізделген шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпарат алады		
11	Директорлар кеңесі келесі жылы күш-жігерін жұмылдыруы керек деп ойлайтын үш бағытқа дейін атаңыз		1. 2. 3.
<b>Баллдардың орташа мәні</b>			

*(Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 09 қазандағы шешімімен сауалнама 1.1-тармақпен толықтырылды).*

## Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауға арналған сауалнама

1. Сауалнаманы Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі құпиялылық сақтай отырып толтырады, оның ішінде өзін-өзі бағалау жүргізіледі;

2. 1-ден 3-ке дейінгі шкала бойынша сіздің пікіріңізге сәйкес келетін баллды атап өту керек:

1 – қанағаттанарлық;

2 – жақсы;

3 – өте жақсы;

3. Ерекше пікір, ұсынымдар немесе тілектер болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.

4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 3-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сондай-ақ түсініктемелердің, ұсынымдар мен тілектердің тізбесін жасайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Т.А.Ә.	Кәсіби тәжірибе	Саланың ерекшелігін білу	Стратегиялық көзқарас	Отырыстарға қатысу	Дауыс беру кезіндегі белсенділік	Қабылданған бастамалардың саны	Отырыстарға белсенді қатысу	Баллдардың орташа мәні
Директорлар кеңесінің мүшесі 1								
Директорлар кеңесінің мүшесі 2								
Директорлар кеңесінің мүшесі 3								
Директорлар кеңесінің мүшесі 4								
Директорлар кеңесінің мүшесі 5								
Директорлар кеңесінің мүшесі 6								
Директорлар кеңесінің мүшесі 7								
Директорлар кеңесі мүшесінің пікірлері								

## Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалауға арналған сауалнама

1. Сауалнаманы Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі құпиялылық сақталған жағдайда толтырады;
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін баллды атап өту керек:
  - 1 – мүлдем келіспеймін;
  - 2 – келіспеймін деуге болады;
  - 3 – бейтарап позиция ұстаймын;
  - 4 – келісемін деуге болады;
  - 5 – толық келісемін.
3. Ерекше пікір, ұсынымдар немесе тілектер болған жағдайда сауалнаманың тиісті бағанын толтыру қажет.
4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сондай-ақ түсініктемелердің, ұсынымдар мен тілектердің тізбесін жасайды.

№	Бағалау критерийлері	Бағалау баллмен	Түсініктемелер/ ұсынымдар/тілектер
1	Комитет Комитет жұмысының тиімділігіне жеткілікті көңіл бөледі		
2	Комитет заңнама мен қоғамның ішкі құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету процестерін бақылауға жеткілікті көңіл бөледі		
3	Комитет мүшелері тиісті тәжірибе мен біліктілікке ие және Комитеттің жұмысына айтарлықтай үлес қосады		
4	Комитет менеджментке қарамастан іскерлік этика нормаларына сәйкес әрекет етеді және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыруға бағытталған		
5	Директорлар кеңесінің мүшелері Комитеттен қаралған мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін жеткілікті ақпарат алады		
6	Комитет төрағасы оның қызметіне тиімді басшылықты жүзеге асырады		
7	Комитет менеджмент есептерін, ІАҚ және қызметті жақсарту жөніндегі іс-қимылдарды қарауға жеткілікті көңіл бөледі		
8	Комитет отырыстарына арналған материалдар толық болып табылады, негізделген шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты қамтиды		
<b>Баллдардың орташа мәні</b>			

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ:**

### **1. Өзгерістер № 1:**

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2025 жылғы 09 қазандағы  
№8/52 хаттама).